Бекітемін
“ORLE” ЖШС “Өрлеу” жеке
балабақша меңгерушісі:
А.С.Зиеденова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025–2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс–әрекеттің перспективалық жоспары «Балапан» ортаңғы тобы балалардың жасы: 3 жас

Тәрбиешілер: А.Д.Сарсенова
А.Қ.Амангалиева

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ

2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:**

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды **дамыту моделі**»;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспарларын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығы.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу бағдарламаларын** бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін **міндетті құжаттардың тізбесін** және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі

№130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы №319 бұйрығы;

- 2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттамасы);

Білім беру ұйымы: ORLE ЖШС “Өрлеу” жеке балабақшасы
Топ: «Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек–мамыр 2025–2026 ж.

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
***«Еңбеккөрлық және кәсіби біліктілік»* Қыркүйек 2025ж.**	**Дене тәрбиесі.**	Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан.
	Қазақ тілі	*Тілдік дамытушы орта:* Сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.Балалардың ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. *Байланыстырып сөйлеу:* Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. *Сөздік қор:* Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасты білдіретін сөздерді («бөпе», «аға», «апа») меңгерту.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; Тілдің грамматикалық құрылымы: 1) сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, 2) зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану; 3) сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану
	Көркем әдебиет	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға; кейіпкерлерге жанашырлық танытуға; суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беруге үйрету. Өлең жолдарындағы көркем сөз арқылы балалардың есте сақтауы мен қабылдау қабілетін дамыту; Мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.
	Математика негіздері	Сан. «Көп» «бір» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру; Заттардың санын ажыратуға үйрету көп-біреу /біреу-көп/ біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету; Шама. Екі затты өлшемі бойынша /ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем/ салыстыру; Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы үйі. «Мен» бейнесін құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету; Балларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы,отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге жақындарына қамқорлық танытуға

		баулу; Заттық әлем. Заттар мен олардың шамасын, түсін, пішінін ажырату және атау, қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қазақ және басқа халықтардың тұрмыс заттарымен таныстыру;
	Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылықтарын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру; Құрастыру дағдыларын дамыту,негізгі құрылыс,құрылыс бөлшектерін, текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар,призмаларды ажырата білу, атауға және қолдануға үйрету. Бұрын алынған дағдыларды төсеу,бекіту, қою қолдана отырып,жаңа ғимараттар салу.
	Суретсалу	Көлденең және тік сызықтарды салу,олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру; Түрлі пішіндегі көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн); бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.
	Мүсіндеу	Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
	Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1.Түсі,пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндердіреттілікпен орналастыру, заттардың бейнесін жасауға үйрету; 2.Пайда болған бейнені қағаз бетіне орналастыру, желімдеудің техникасы үйрету; 3.Ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге үйрету. **Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, **Билер:** Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. **Ойындар, хороводтар:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. **Музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларды музыкалық аспаптармен: қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

“Тәуелсіздік және отаншылдық” **Қазан 2025ж**	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
	Дене тәрбиесі.	Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.
	Қазақ тілі	*Сөздік қор:* Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттарымен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды үйрету.Жемістердің атауларын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. *Тілдің грамматикалық құрылымы:*Сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету.
	Тіл дамыту	Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту; Заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету; Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану; Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Көркем әдебиет	Суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау; Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білу; Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу;
	Математика негіздері	Шама. Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; 2) биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бірде біреуі жоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру; екі тең немесе тең емес заттар тобын салыстыра білу, бір топтағы заттарды екінші топтағы заттарға беттестіру және тұстастыру тәсілдерін пайдалану.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікте бағдарлау; Заттар мен олардың шамасын, түсін, пішінін ажырату және атау, қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру; Қазақстан - менің Отаным. Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.
	Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін тану мүмкіндіктерін әрі қарай арттыру; Құрастырылған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату;
	Сурет салу	Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн); Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып,қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету; Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру;
	Мүсіндеу	Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру.

		Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
	Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; 2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; 3) желімдеудің техникасы; 4) ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. **Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. **Билер:** Заттармен музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден ырғақты қимылдар орындау. **Ойындар, хороводтар:** Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Қарапайым әуендерді,ырғақты сылдырмақтармен ойнау.

«Әділдік пен жауапкершілік» **Қараша 2025 ж.**	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
	Дене тәрбиесі.	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.
	Қазақ тілі	*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* Естуді дамыту. Қазақ тіліне тән **ә, ө** дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптастыру. *Сөздік қор:* Жануарлардың, төрт түліктің атауларын дұрыс айтуға және түсінуге дағдыландыру, *Тілдік дамытушы орта:* Бір-бірімен күнделікті ойында қарым-қатынас жасауға баулу.
	Тіл дамыту	1.Дауысты (а, ә, е, о, ұ) дыбыстарды анық айту: **2.Сөздік қор:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, **3.Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, **4.Байланыстырып сөйлеу:** Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде өз ойын айтуға үйрету
	Көркем әдебиет	1.Кітаптарға қызығушылықты ояту. 2.Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру

		3. суреттерді мазмұны туралы эмоционалды түрде айту 4. балалардың пікірлерін тыңдау.
	Математика негіздері	1.Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету 2. көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету 3. қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу . 4. .«қанша? неше?» сұрағына жауап беру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру.	1.Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. 2. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. 3. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. 4. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру
	Құрастыру	Қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту 1.Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, 2. конструкторлардың түрлерімен таныстыру 3. Құрастыру дағдыларын дамыту 4. Текшелерді қолдануға үйрету
	Сурет салу	Бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату 1. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу 2. әр түрлі пішіндегі ыдыс-аяқтарды жүргізе білу. 3.дөңгелек пішінді заттарды бейнелеу, 4.бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.
	Мүсіндеу	1. кейбір заттарды, азық- түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету 2. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалану 3. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу 4. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Жапсыру	1.Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыру. 2.ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жаса,.бейнелерді қағаз беттеріне жапсыру 3. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. 4. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. **Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту.

		Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау. **Билер:** Заттарсыз музыкалық шығарманың қарқынына сәйкес жұппен ырғақты қимылдар орындау. **Ойындар, хороводтар:** Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеру.

«Бірлік пен ынтымақ» **Желтоқсан 2025 ж.**	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
	Дене тәрбиесі.	Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).
	Қазақ тілі	Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету; Ойыншықтарды қарастыра отырып,сұрақтарға жауап беруге,жай сөйлеммен сипаттап айтуға үйрету; Өзінің алған әсерін білдіре білуге дағдыландыру; Сөйлеу кезінде сөз ішінде қазақ тіліне тән ұ дыбыстарын дұрыс қолдана білуге үйрету; Тақпақ жаттауға баулу.
	Тіл дамыту	*Тілдік дамытушы орта:* Өзінің алған әсері мен қалауын білдіре білуге дағдыландыру. Дербес іс-әрекетте ауызекі сөйлесуге бірлескен әрекеттері туралы келісуге баулу. *Тілдің грамматикалық құрылымы: З*ат есіммен етістіктен сөз тіркестерін құрастыруды үйрету. *Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдауды және түсінуді үйрету.
	Көркем әдебиет	Қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу 1. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге дағдыландыру: 2. шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. 3. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. 4. Кітаптарға қызығушылықты ояту.
	Математика негіздері	Бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету Заттарды салыстыру: 1.заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру 2. «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. 3. көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. 4. заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру;
	Қоршаған	Отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр

	әлеммен таныстыру	болуға тәрбиелеу; 1.Балалардың жалпы қабылданған ережелермен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.Балабақшада үйде көшеде тәртіп сақтауға баулу. 2. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. 3.Менің Отаным – Қазақстан.Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. 4. Ауа-райының жағдайын анықтау.Табиғат құбылыстарын бақылау. 5.Қыс мезгілндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.
	Құрастыру	Қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту 1. Құрастыру дағдыларын дамыту, 2. негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге 3. атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыландыру 4. төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
	Сурет салу	Бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; 1. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету 2. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып 3. Ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды 4. Жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету
	Мүсіндеу	Балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; 1. Кесектерді алақандарының арасында домалату 2.есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). 3. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалану 4.Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.
	Жапсыру	Қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту 1. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу 2. жаймадағы дайын үлгіге жағу 3. желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. 4.Бейнелерді қағаз беттеріне жапсыру
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.

		Ән айту: Ересектердің дауысына ілесе отырып, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. **Билер:** Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **Ойындар, хороводтар:** Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Музыкадағы қарапайым ырғақты қимылдарды маракас, сылдырмақ, барабанмен қағып ойнау.

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
«Заң және тәртіп» **Қаңтар 2026ж.**	**Дене тәрбиесі**	Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.
	Қазақ тілі	Қазақ тіліне тән дыбыстарын таныстыру;бекіту. **Қ** дыбысын сөз ішінде қолдану; Қыс мезгілін жыл мерзімі ретінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Дербес іс-әрекетте ауызекі сөйлесуге бірлескен әрекеттері туралы келісу. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту; Баланың сөздік қорын дамыту үшін тақпақтар, жаңылтпаштар жаттауға баулу; Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату.
	Тіл дамыту	*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту, қазақ тіліне тән **қ** дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. *Сөздік қор:* Баланың сөздік қорын дамыту үшін тақпақтар, жаңылтпаштар жаттату. *Тілдің грамматикалық құрылымы:* Жуан және жіңішке түбір сөздердіажырату. Сөздерді байланыстырып, зат есім мен сын есім сөз тіркесін құрату.
	Көркем әдебиет	1. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау: 2. шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. 3. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. 4. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
	Математика негіздері	1. Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. 2. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.

		3. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, түсіндіру. жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу .
	Қоршаған әлеммен таныстыру.	құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау) айту; 1. (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау жасау(маусымдық), 2. бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы ауа-райының жай-күйін белгілеу. 3. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. 4. Тірі және өлі табиғат заттарымен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.
	Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. құрылыс материалдарын түрлі тәсілдермен орналастыруды үйрету; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан заттар құрастыруды түсіндіру; түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып, қағаз парағын түрлендіруді үйрету.
	Сурет салу	Түстерді тану мен ажырату: қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ; Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру. алақанға салып тік және дөңгелетіп есе білуді үйрету; Мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндеуді қолданады. (аққала, моншақ).
	Жапсыру	Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту; белгілі ретпен түрлі пішінді, көлемді түстегі бөліктерді орналастырып, дайын бейнені қағазға жапсырту; ересектер дайындаған түрлі пішінді қағаз бетіне заттарды орналастырту; ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға,оларды есте сақтауға және білуге,шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. **Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту,кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. **Билер:** Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **Ойындар, хороводтар:** Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау.

«Жасампаздық және жаңашылдық айы» **Ақпан 2026ж.**	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
	Дене шынықтыру	Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.
	Қазақ тілі	*Тілдік дамытушы орта:* Сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу. *Тілдің грамматикалық құрылымы:* Сөздерді байланыстырып, зат есім мен етістіктен сөз тіркесін құрату. Зат атауларын көпше түрде қолдану. *Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* Көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.
	Тіл дамыту	Сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру; Зат бөліктерін ажырату және атай білу; Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану;
	Көркем әдебиет	Шығарма жанрларын (тақпақ, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажырата алуын қалыптастыру, оқиғаны эмоционалды қабылдайды қалыптастыру; Суреттер бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету; Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру
	Математика негіздері	1.Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен таныстыру: 2.Үшбұрыш пішінімен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. 3. Шаршы пішінімен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. 4.Дөңгелек пішінімен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.
	Құрастыру	құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, олардың түсі, көлемі бойынша таныту. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
	Сурет салу	Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін

		(қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу	Табиғи материалдан мүсіндеу дағдыларын бекіту. Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдалануды үйрету, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу,оларды таяқшамен безендіру; Мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдылар мен біліктерді игерту.
	Жапсыру	Түрлі пішіндегі қазақ оюының кейбір элементтерін қағазға орналастыру; ересектер дайындаған ірі және өте ұсақ ою элементтерін орналастыру және жапсыру; ұжымдық композиция құрастыруға баулу; Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерту бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; Ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді;
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. **Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден,жұппен ырғақты қимылдар орындау. **Билер:** Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **Ойындар, хороводтар:** Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау.

«Тәуелсіздік және отаншылдық айы»	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
	Дене тәрбиесі.	Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).
	Қазақ тілі	*Байланыстырып сөйлеу:* Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. *Тілдік дамытушы орта:*Ортақ тақырыпта әңгімелесу. Ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу. *Сөздік қор:* Баланың сөздік қорын дамытуда санамақ жаттау.Тұрмыстық заттардың атын атау, түсіну дағдыларын қалыптастыру.

	Тіл дамыту	Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы 35 қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.
	Көркем әдебиет	1.Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау 2. балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. 3. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. 4. Кітаптарға қызығушылықты ояту.
	Математика негіздері	Кеңістікті бағдарлау. 1.Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау; үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол 2.Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде,таңертең-кешке; 3.Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен:үшбұрыш,шаршы,дөңгелекпен таныстыру; 4.Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру;
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Өзінің тұғызған құрылысын талдауға баулу.
	Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету; Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру; Негізгі түстермен олардың реңктерін/қызғылт,көгілдір,сұр/қолдану.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау,ұқыпты болуға баулу;
	Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Геометриялық фигуралардың /дөңгелек, шарша, үшбұрыш ортасына бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру,арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша, ормал жасау.
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Балалар аспаптарының,музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету,оларды атай білу. **Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту,аю қорбаңдап жүреді,қоян секіреді,құстар ұшады. **Билер:** Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды

		бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **Ойындар, хороводтар:** Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау.

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» **Сәуір 2026 ж.**	**Дене тәрбиесі.**	Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.
	Қазақ тілі	*Тілдің грамматикалық құрылымы:* Бұйрық райлы етістіктерді (бар,кел,айт) жекелей қолдануға баулу. *Байланыстырып сөйлеу:* Балалардың өзіне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. *Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* Қазақ тіліне тән **ү, ұ** дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.
	Тіл дамыту	Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Суреттерді заттарды қарастыруда тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағанан,балаларды алған әсерлерімен бөлісуге,өз ойын айтуға үйрету. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану;
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Кітаптарға қызығушылықты ояту.
	Математика негіздері	Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру,заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша /ұзындығы,ені,биіктігі, жалпы шамасы бойынша/ бір затты екінші затпен беттестіру,және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру; Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей,тең,ені бойынша кең-тар,бірдей тең,биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, жалпы шама бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу;
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау/суық,жылы,ыстық/ табиғат құбылыстарын бақылау/маусымдық/ бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу; Табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау/ жануарларға тиіспеу,бұтақтарды сындырмау,қоқысты жинау,қоқыс қалдырмау/ Ойын алаңында құммен, сумен ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру;
	Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану ертегісі.Құрастырылған құрылысты қарапайым сызбаларға,суреттегі үлгісіне қарап,зерттеуге және кірпіштерді тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып,бір-бірімен мықтап бекіту;

	Сурет салу	Көлденің және тік сызықтарды салу олардың қиылысуын жүргізе білу. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыру. Құмға, тақтайшаларға,асфальтқа бормен өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру; Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу	Алақандарының арасында домалату ,есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу/ыдыстар,ойыншықтар/ Бірнеше бөліктерді қосу,қысу біріктіру арқылы өсімдіктердің мүсіндеуге үйрету. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.
	Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру,әдістерін/жырту,умаждау,бүктеу,қатпарлау/ қолдану.
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Ересектердің орындауындағы және аудио – бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. **Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қазақ халқының би өнерімен таныстыру,музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау,ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. **Билер:** Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **Ойындар, хороводтар:** Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау.

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
«Бірлік және ынтымақ» **Мамыр 2026 ж.**	**Дене тәрбиесі.**	Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.
	Қазақ тілі	*Байланыстырып сөйлеу:* Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгісін сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. *Тілдік дамытушы орта:* Өтінішін, қалауын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарының есімін толық, дұрыс атауға баулу.
	Тіл дамыту	Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді антонимдерді енгізу; Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау

		Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Кітаптарға қызығушылықты ояту.
	Математика негіздері	Геометриялық пішіндер. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін нақтылау: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол қалыптастыру; Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын бағдарлау;
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерін қалыптасыру.Ағаштпардың дала гүлдерін атау өсімдік бөліктерін атау. Балаларда «дұрыс»немесе «Дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман»әрекеттер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру.Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу) (қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау) Серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау, Топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) түсіндіру.
	Құрастыру	Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату; Ұжымдық құрылыс жасауға баулу алдын- ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Сурет салу	Дөңгелек пішінді заттарды бейнелеу. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу; Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету; Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалану. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.
	Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Қағаз бетінде көлемі,түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманың көркем құралдарын,дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу),көңіл –күйі (мұңды,көңілді) байқауға үйрету. **Ән айту:** Ересектердің дауысына ілесе отырып, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына,таныс би қимылдарын ойындарда

		қолдануына мүмкіндік беру. **Билер:** Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **Ойындар, хороводтар:** Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау.